

4. Рахым Е. Бүгінгі билік Алаш көсемдерін мойындағысы келмейді // Жас алаш.-2007.-№34.-4 б.
5. Қошалов А. Елдестей есіл ер қайда. //Дала қоңырауы. 1990ж шілде.
6. Қойгелдиев М. Алаш өткен жол // Ақиқат.-1994.-№2.-45 б.
7. Рахым Е. Бүгінгі билік Алаш көсемдерін мойындағысы келмейді// Жас алаш.-2007.-№15.-4 б.

ЕДІГЕ БИ НОҒАЙ ОРДАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Дүйсебек А.Ж., «Тарих» мамандығы 4 курс студенті.
Ғылыми жетекші: т.ғ.д., профессор **А.Күзембайұлы**
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

«Қырғыз-қазақ бір туған» деген сөз тіркесін жиі естиміз. Ал шын мәнінде қазаққа ең жақын халық ноғайлар. Тіпті ол екеуін бір халық деп есептеуге болады. Екі халықтың тарихын салыстыра қарасаң жасында бір-бірінен көз жазып қалған ағалы – інілілерді көз алдыңа елестетесің.

Бүгінгі алдарыңызға ұсынып отырған баяндаманың мазмұны да сол ноғай халқының тарихынан қысқаша үзінді. Ноғайлы тарихы тарихнамада аз зерттелген проблемалар қатарына жатады.

Себебі Кеңестік кезеңдерде Ноғай ордасы жайлы ауыз толтыра айтуға мүмкіндік болмады. Оның себебі Ноғай ордасының негізін қалаушы Едіге Ресей мемлекетіне екі рет салық төлетуге мәжбүр еткендігі. Сондықтан да Ресей жұрты ноғайларды «ата жау» санатына қосып, оны ұмыттыруға тырысты. Дегенмен ноғай тарихына қалам тартқан бірнеше тарихшыларды атап өтуге болады. Ресей тарихшысы Трепавлов В.В., эзербайжан ғалымы Әлиева, ноғай тарихшылары Кочекаев Б., Керейтов Р., сияқты зерттеушілер ноғай тарихы мен этнографисы жөнінде сонғы пікірлер айтты [1, 20-8 бб]. Ұстазым А.Күзембайұлы мен Е.Әбіл де өз оқулықтарында Ноғай ордасы тарихына арнайы бөлімдер арнаған [2, 114-133бб].

Қазақ халқына қатысты – алаш, өзбек, татар, қазақ, үш жүз аты қолданылғаны сияқты, ноғайларға – булғар, татар, ноғай, қазандық, астрахандық т.б. деп айтумен бірге түрік, сахалиба деп атау да қолданылған.

Сақлаб-ибн-Яфас-ибн-Нухпайғамбардың әулеті Еділ өзені бойында мекендегені жайында тарихтан белгілі. Тарихта бұлардың арасында Хазар атауы да бар. Қазақтар өзара әңгімесінде барлығымыз бір мұсылман баласымыз дейді. Бұл жалпы мұсылмандарға ишарат жасағаны. Екіншіден, туыстық жағынан баршамыз өзбек ханның ұлымыз деп, ноғайлармен өздерінің туысқандығын білдіреді. Үшіншіден, баршамыз бір қазақтың баласымыз, баршамыз үш жүздің ұрпағымыз деседі. Бұл сөзбен ноғайдан бөлініп шығады. Төртіншіден, ұлы орта және кіші жүз деп тағы да өзге туқымдастарынан дараланады [3, 40-42 бб].

Ежелгі ноғайлы. “Ноғай ұлысы”, ”Ноғайлы жұрты”, ”Ноғай Ордасы” тәрізді атаулар тарихымызға жақсы белгілі. Бұлар шын мәнінде бір халықтың өркендеуіндегі жалғасқан этно-тарихи кезеңдерді сипаттайды. Қазақ эпосына кіретін бірқатар жырлар ”Ноғайлы жырлары” деген атпен де белгілі. Қыпшақ даласындағы, әсіресе, қазіргі батыс Қазақстан аймағындағы қазақ ру – тайпаларының біразының Ноғайлар құрамында болғандарын да білеміз. Еуразия кеңістігінде “ноғай” атауының Ноғай төреден бастау алатынын байқаймыз. Ол әйгілі Жошы ханның шөбересі. Еуразия тарихын жазғанда Ноғайды ескермей айналып өту қиын. сондықтан да ол туралы басы Н.Карамзин мен В.Бартольдтан бастап, бүгінгі В.Трепавлов, З.Қиянатұлы, А.Исин, А.Күзембайұлы тәрізді зерттеушілер елеулі еңбектер жазды. Ескеретініміз, Ноғай және Ноғайлы жұрты туралы әркімнің көзқарасы әртүрлі. Білетініміз, Ноғай Татарұлы 1230 жылы келген. Ол әрине Моңғолияда емес, Қыпшақ даласында дүниеге келді [4, 342 б].

Едіге би (1357-1419) Алтын ордада жүргенде билікке араласа бастайды. Хандармен, Шыңғыс әулетімен мәртебесі теңесіп, дербес билік жүргізу үшін Едіге бидің шыққан тегі дала әулиесі Баба Түкті Шашты Әзизден, мұсылман жұртынан Арабия, Мысырдағы аңызды патшаларынан таратылды. Бірақ, кейіннен XV ғасыр 30-40 жж. дейін ноғай билеушілері, нақты істерді өздері шешкенімен, Шыңғыс әулетінен шыққан төрелерді өз еліндегі билеушілер ретінде мәртебелерін жоғары қойып отырды. Ордадағы бас билеуші бек (би) лауазымын иемденді. Түркілік жылнамаларда - «бек». Орыстың дипломатиялық жазба деректерінде «князь», яғни «бек» мағынасында жазылады. Эпикалық шығармаларда, жыраулар шығармаларында және тарихи аңыздар мен жырларда «би» делінеді [5, 201 б].

Едіге мырзаның билігіндегі Алтын Орда (1396-1411ж.). Едіге өз кезінде Алтын Ордадағы ең айлакер, саясатшыл, батыр да батыл билеушілерінің бірі болды. Оның бірге туған қарындасын Темір-Құтлық хан алған болатын. Алғашында Едігені Тоқтамыс хан өзіне нөкер етіп ерітті. Кейін бір себептермен Тоқтамыс ханның қаһарына ұшырады. Өлтірілетінін сезіп Самарқан қаласына – Темірдің қол астына қашты. Онда барған соң Темірді желіктіріп, 1391 жылы Тоқтамыс ханға қарсы шабуылға шығарады [6, 158 б].

Алтын Орданың ыдырауы және Ақ орданың әлсіреуі барысында Қазақстан аумағында пайда болған ірі мемлекеттік құрылымдардың бірі Ноғай ордасы болды.

Ноғай Ордасы XIII ғасырдың екінші жартысында бөлектене бастады. Бұл процесс XIV ғасырда әмір Едіге тұсында жалғасып, оның баласы Нұраддиннің (1426-1440 ж.) кезінде аяқталды. Ноғай Ордасының үстем тайпа маңғыттар болды. «Ноғай», «ноғайлықтар», «Ноғай Ордасы» деген терминдер әдебиетте алғаш рет тек XVI ғасырдың басында ғана пайда болды, ноғайлар өздерін маңғыт деп, ал өз ұлысын «Маңғыт жұрты» деп атаған. Оларды көрші халықтар осы атпен білген.

Ноғай Ордасының негізгі аумағы Еділ мен Жайықтың арасындағы далада, оның орталығы Еділдің төменгі бойында немесе Сарайшық (Жайық) ауданында болатын. Шығысында ноғайлар Жайықтың сол жағалауы бойында көшіп жүрді, олардың көшіп жүретін жерлері солтүстік шығысында Батыс-Сібір ойпатына дейін, солтүстік-батысында Қазанға дейін, оңтүстік-батысында Арал өңірі мен Каспий өңірінің солтүстігіне дейін жететін, ал кейде олар Маңғыстау мен Хорезмге барып жүретін.

XV ғасырдың ортасында ноғайлар (маңғыттар) кей кезде Сырдарияның орта ағысына дейін жетіп, Сырдариядағы бекініс-қалаларды жаулап алды. 1446 жылы, мысалы, маңғыт Уақас би Үзкент қаласына билік етті.

Шын мәнінде Ноғай (Маңғыт) Ордасының негізін қалаған Едіге болып саналады. Ол туралы өмірбаяндық мәліметтер көптеген шығыс авторларында: Муин ад-дин Натанзиде, Абд ар-Раззақ Самарқандиде, Ибн Арабшахта, Әбілғазыда, Қадырәлі Жалаириде кездеседі. XIV ғасырдың аяғында саяси аренаға шығып, Алтын Орданың белгілі уақытша билеушісі болып алған Едіге 15 жыл бойына (1396-1411ж.) шын мәнінде Алтын Ордадағы бүкіл билікті өз қолында ұстады. Ол басқарған «Маңғыт жұрты» Алтын Ордан бөлектенген елеулі феодалдық иеліктерінің бірі болды. Клавихоның айтуына қарағанда «Едіге өз Ордасында екі жүз мыңнан астам атты әскерді ұдайы ұстаған». Өз қолымен қойған хандар арқылы Алтын Орданы басқара отырып, «беклер-бегі» немесе «ұлы әмір» атағы бар Едігенің билігінің зор болған және көрші ұлыстардың өміріне зор ықпал еткен. Ибн Арабшах оның жиырма шақты баласы болғанын, олардың әрқайсысы «билікке ие патша, өзінің ерекше үлесі, әскері мен жақтастары» болғанын айтады [7, 79 б.].

Ноғай Ордасында бүкіл саяси билік пен экономикалық өмір шын мәнінде Едіге ұрпағы маңғыт әмірлерінің қолында болды және оны рудағы жасы үлкендігіне қарай мұраға қалдырып отырды. Алтын Ордан бөлектенген бірқатар иеліктердің аумақтарында Шыңғыс ұрпақтарынан қайсыбір адамды хан көтеру Едіге ұрпақтарының келісімінсіз жарамсыз деп танылатын дәстүр болған. Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси өмірінде XV ғасырда Едігенің ұрпақтары Уақас би, Мұса мырза, Жаңбыршы және басқалар зор рөл атқарды.

Ноғай Ордасының құрамына маңғыттармен бірге қоңырат, найман, арғын, қаңлы, алшын, қыпшақ, кенгерес, қарлұқ, алаш, тама және басқа рулар енді. Олардың басшылары

арасында билік пен көшіп – қонатын жер үшін үнемі күрес жүріп жатты. Алтын Орданың қираған тамтығынан құрылған басқа бірлестіктер сияқты, Ноғай Ордасы да этникалық құрылым емес, көбіне саяси құрылым болды. Ноғай Ордасын мекендеген тайпалар қазақ халқы қалыптасуының күрделі этникалық процесіне тікелей қатысты.

Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығы халықтарының жақын туысқандығы туралы Ш.Ш. Уәлиханов айтқан болатын. Ол алғашқы қазақ ханы Жәнібек тұсында достық қатынаста өмір сүрген ноғайлар мен қазақтарды «екі туысқан орда» деп атаған. Мұндай қатынастар кейін де, мәселен, деректемелерде «қазақтар мен ноғайлардың ханы» аталатын Хақназар хан тұсында XVI ғасырдың ортасында да сақталды. Қазақ аңыздарында осы уақыт туралы естеліктер сақталған. Бірақ одақтық қатынастар әрқашан сақтала бермеді [8,159-160 бб.].

Этносаяси қауымдастық XV ғасырдың ортасында ноғай халқы түркі халықтарында исламдандыру жүйесі Дешті-Қыпшақта, көршілес аумақта мұсылмандық өзгерту енгізілді, Орта Азия және Еділ бойында кейде олармен күрес болып тұрды. Ноғай Ордасы белсенді Өзбек хандықтарымен Хорезм және Мауераннахр (Еділ Әмудария мен Сырдария), қазақтар, Қырым, Қазан, Түркия елдерімен қарым-қатынаста болған. Дереккөздеросы елдердің аумағында қарсыластарының көптеген аспектілері ретінде ішкі ноғай тарихын, сондай-ақ олардың сыртқы саясатын көрсетті. Ноғай Ордасы пайда болды, күйреген Алтын Ордадан бөлініп сол Орданың «сынықтары» деген секілді елестетті. Сондықтан да шығыс көздері, баяндайтын оқиғалары туралы соңғы ғасырдың өмір сүру Жошы империясының, көмектесе жағдайын анықтау кезінде пайда кеңбайтақ даласында ноғай және манғыттарда, Ноғай Ордасында Едіге елді басқарған [9, 31 б].

Ноғай Ордасының орталығы Жайық өзені бойындағы Сарайшық қаласы болды. XV-XVI ғасырлардың басында Солтүстік Қара теңіз бойына қарай жылжыған ноғай тайпалары Бессарабия жеріне жетті. Ол көшті бастаған Едіге ұрпағы Орақ пен Ормамбет билердің ұлдары еді. XVI ғасырдың ортасында Кавказ даласында Кіші Ноғай орласы деген шағын мемлекет дүниеге келді. Оны құрған Орақ мырзаның баласы Казы (Кази) батыр. Ноғайлардың бұл тобы кейіннен «қара ноғай» атанып кетті.

Ноғай тайпаларының батысқа қарай жылжуына Қазақ хандығы да әсер етті. Жаңа құрылып жатқан жас мемлекетке ұлан-байтақ аумақ, жер қайысқан әскер керек болды. Осылайша қазақ иеліктерімен шекаралас ноғай ауылдары қазақ құрамына кірді де, ол одаққа көнгендері батысқа қарай жылжыды.

1550 жылдары Едіге бидің ұрпағының өз ішінде жанжал шықты. Оның ең бір ауыр көрінісі ағайынды Смайыл мен Сары Жүсіп мырзалардың арасындағы күрес. Сары Жүсіптің елі қазақтармен, Сырдарияның төменгі ағысындағы Хорезм иеліктерімен, Бұхарамең, ал Смайылдың ұлысы Мәскеумен тығыз қарым-қатынас орнатты [10, 292 б].

Ноғай Ордасының негізін қалаушы Едіге болып саналады. Ол XIV ғасырдың соңы - XV ғасырдың басында 15 жыл Алтын Ордада бүкіл билікті өз қолынан шығармай, оны өзі тағайындаған хандар арқылы басқарды. «Беклер бегі, немесе Ұлы әмір атанған Едіге көрші ұлыстардың өміріне де ықпал етіп отырған.

Ноғай Ордасы құрамына Маңғыттармен қатар Қоңырат, Найман, Арғын, Қаңлы, Алшын, Қыпшақ, Алшын, Қыпшақ, Кеңгерес, Қарлұқ, Алаша, Тама және басқа ру тайпалары кірді. Олардың басшылары арасында билік пен жер үшін толассыз тартыстар үнемі орын алды. Өйткені Ноғай Ордасы да Алтын Ордадан кейін құрылған басқа бірлестіктер сияқты біртұтас этникалық құрылым емес, көбінесе саяси құрылым негізінде ұйымдасқан хандық еді [11,85-86 бб.].

Ал шығыс дереккөздерінде Едігенің 1419 жылы о дүниелік болғаны айтылады. Оның өлімі жайлы екі түрлі мәлімет кездеседі. Бірі ибн Арабшахтікі, екіншісін әл-Айни қалдырған. Ибн Арабшах Едіге өлген жерді атайды: “Қыпшақ жеріндегі бүліншілік те, әміршілер арасындағы қырқыс та Едіге өлгенше тынбады: ол бір ұрыста жараланып, суға кетіп өлді. Оның денесін Сарайшықтың тұсынан Сейхун өзенінен алып шықты да, далаға тастай салды”. Тағы бір көңіл аударатын жері, ибн Арабшах Едігенің өзін суреттеп жазады: “Өңі қарасұр, орта бойлы, мығым денелі, ер жүрек, түрі аса сұсты, тереннен ойлайтын, қолы ашық,

тартымды күлкісі бар, ұшқыр ойлы, сөз тапқыш адам болды”.

XV ғасырда өмір сүрген Мысыр тарихшысы әл-Айни Едігенің замандасы, сондықтан да, оның мәліметтеріне көпшілік сеніммен қарайды. Оның айтуынша, Едігені 1419 жылы Тоқтамыстың Қадірберді деген ұлы өлтіреді, ол Едігемен, әкесі өлгелі, үнемі қақтығысумен жүрген. Олардың соңғы ұрыстары Сарайшық қаласында өтеді, ибн Арабшах та осыны құптайды. Қадірберді қосындарымен кездесу алтынордалық түменбасының тағдырын шешеді. Тоқтамыстың ұлының бұйрығымен оны шапқылап өлтірді. [12, 272 б].

Қазіргі таңда жер бетінде тіршілік жасап жатқан жүздеген ұлттардың қатарында қазағымыздың да басқалармен иық теңестіріп, өркениет жолында қарышты дамып келе жатқаны бүгінгі ұрпақты қуантады. Ұлтымыздың осы кезге дейінгі даму жолдары қандай болып келді, мыңдаған жылдарға созылған тарих көшінде жоғалтқанымыз да, қол жеткізген жетістіктерімізде аз болмаса керек.

Өзінің артынан ерген халық үшін қолынан келген бар күш-жігерін жұмсаған, Ноғай Ордасының негізін қалаған Едіге екенін бірнеше мәліметтер дәлелдеп отыр. Өз заманында батыр атанған, би болған Ер Едіге көптеген соғыс жорықтарында айлакерлігімен, саясатқа қабілеттілігімен жеңістерге жетіп отырған. Жас кезінен Алтын Орда жерінде түменбасы болып жүргені Едігенің батырлығы мен ақылдылығының дәлелі.

Қорытындай келе айтарымыз Едіге – маңғыт жұртынан шыққан өз заманының бір туар батыры, Ноғай Ордасының негізін қалауға барын салған. Оның ерлігіосынау тарих сахнасынан ойып тұрып орын алары түркі халықтарына және Ресей, тағыда басқа елдерге аян. Ноғай Ордасы жайлы әңгіме қозғағанда қазақ халқына жақындығының, екі халықтың заманында бір-бірінен көз жазып қалғанының куәсі боламыз. Мысалға, «Еділ мен Жайық аралығында Ноғай Ордасы орналасқан», - деген сөзде қазақ жерінде ноғай халқы болғандығының көрінісі. Ноғай Ордасының құрамында қазақ халқының бірнеше рулары болған. Сонымен қатар Хақназар ханды ноғай мен қазақ елінің басшысы деп санау тағы да бір ноғай мен қазақ бір болғандығының талассыз дәлелі.

Пайдалынған әдебиеттер

1. Әлиева С.И., «Ногайские тюрки» Баку, -2009, 145 б, Кочекаев Б.А. Ногайско-русские отношения в XV-XVIII вв. – Алма-Ата, 1988. – 20 б, Керейтов Р.Х. Ногайцы. Особенности этнической истории и бытовой, культуры: Ставрополь, -2009, -465 б, -8 б.
2. Кузембайулы А., Абиля Е. История Казахстана: Учебник для вузов. 7-е изд. Пере раб. и доп.- СПб.: Соларт, 2004.-94-100, 114-133 сс.
3. Халид Қ. «Тауарих хамса» (Бес тарих). (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 21-ші том) 2-ші бас. толық. – Астана: «Алтын кітап», 2007, -284 б. – 40-42 б.
4. Омарбеков Т. Қазақ мемлекеті: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны. – Алматы, «Хан тәңірі», 2017. -342 б.
5. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Исин А.И. Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. Алматы: «Сөздік-Словарь», 2011. -320 б.
6. Карамзин Н.М. История Государства Российского. Т.4. М., 1993, с.158.
7. К.Ә. Берденова Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы. – Алматы: Экономика, 2008. – 384 бет. – 79 б.
8. Қазақстан тарихы. 2-том бас редакциялық алқа: М.Қ. Қозыбаев. Алматы «Атамұра» 2010. – 640 б. 159-160 б.
9. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. Отв. ред. М. А. Усманов. 2-е изд., испр. и доп.– Казань: Издательский дом «Казанская недвижимость», 2016. – 764 с. – 31 с.
10. Артықбаев Ж.О., Пірманов Ә.Б. Қазақстан тарихы. (энциклопедиялық басылым) – Алматы: Атамұра, 2008. -544 бет, - 292 б.
11. Жұмақаева Б.Д. – Алматы, - ТОО «ЛЕМ». -2011. - 308 б. - 85-86 б.
12. Бегалин Қ. «Алтын Орда хандары». – Алматы: «Адамар», 2007. -272 б.